

Бекітемін:
«Күншуак» жексемелік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.



194«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН - ҰЛТЫ ҚАЗЫНАСЫ»
*“Арқан тарту” балаларға бос уақытты ойын түрінде
тиімді ұйымдастыру*



Тәрбиеші: Жамишова Г

Таушық ауылы , 21.10. 2025ж

194. Ұлттық ойын - ұлт қазынасы: «Арқан тарту»

Мақсаты: Балалардың күш-қуатын арттыру, ұйымшылдыққа баулу, қазақтың ұлттық ойыны арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

✓Міндеттері:

- Ұлттық ойынға қызығушылықтарын арттыру;
- Балалардың күшін, ептілігін, төзімділігін дамыту;
- Бір-бірімен тату ойнауға, әділдікке тәрбиелеу;
- Жеңіске бірге ұмтылуды үйрету.

Қатысушылар: МАТ”Алтын сақа” тобы

Құрал-жабдықтар:

- Жұмсақ, қалың арқан
- Орта сызықты белгілейтін лента
- Жеңімпазды марапаттауға жалауша, смайлик

Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды сапқа тұрғызу.

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін біз қазақтың ұлттық ойыны – арқан тартуды ойнаймыз. Бұл ойын күшті, бірлік пен ұйымшылдықты қажет етеді.

Ойын ережесі: «Арқан тарту»

1. Балалар екі топқа тең бөлінеді.
2. Арқанның ортасына белгі (лента) байланады.
3. «Бастандар!» деген белгіде екі топ арқанды өз жақтарына қарай тартады.
4. Ортадағы белгі кімнің жағына өтсе – сол топ жеңімпаз атанады.

Қауіпсіздік ережелері:

- Арқанды белден жоғары ұстамау;
- Аяқты нық тіреп тарту;
- Бір-бірін итермеу;
- Тәрбиешінің белгісін күтумен бастау.

Сергіту сәті:

Тартамыз біз арқанды,
Бірлік болсын әр қанды.
Тату болып ойнасақ,
Жеңіс бізге жалғанды!

Қорытынды бөлім

Сұрақ-жауап:

- Біз қандай ұлттық ойын ойнадық?
- Ойын кезінде не маңызды болды? (бірлік, күш, тәртіп)

Арқан тарту – күш пен бірліктің ойыны. Бірігіп әрекет етсек, бәрінде жеңеміз!

